

**Жергілікті қоғамдастық жиналыс
ХАТТАМАСЫ
№2**

**Қызылөзен ауылы
“Қызылөзен мәдениет үйі”**

**«05» мамыр 2025 жыл
сағ: 11:00**

Төраға: Қызылөзен ауылы әкімі Талант Күзенбайұлы

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, Ардагерлер кеңес мүшелері, көше тұрғындары. Қызылөзен ауылы көше бойында орналасқан үй- жайлардың жалпы тұрғындар саны-91 адам, Қоғамдастық жиналысына барлығы -16 (17 пайыз) адам қатысты.

Хатшы: «Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты» ММ хатшысы – Қуанбекқызы Қарлығаш

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Қызылөзен ауылының кейбір көшелерін қайта атауы мақсатында,
Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атауын беру туралы**

ТЫҢДАЛДЫ:

Т. Күзенбайұлы - Құрметті жиналысқа қатысушылар жиналысымыз өздеріңізге мәлім, Қызылөзен ауылының кейбір көшелеріне қайта атау беру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Қызылөзен ауылындағы “Шамшырақ” көше атауларын қайта атауы үшін, «Жиенбаев Мәтібай» атауын беру үшін Қызылөзен ауылы әкімі баяндамасын тыңдап, осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлеріңізді білдіріп, жиналысқа белсене қатысуға шақырды.

Күн тәртібіндегі ұсынымға сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы негізінде әзірленген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаары» және 2024 жылғы 24 қаңтарда өткен отырысында мақұлданған Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізге алынды. Осы нормативтік құжаттар аясында Ұлы Отан соғысының ардагері - Жиенбаев Мәтібайдың өмірбаяны, олардың архивтік құжаттарының көшermелері жан-жақты таныстырылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Шарипов Айтбай – Иә, ауылымыздың атаусыз көшелеріне атау берілген өте орынды. Ұлы даламызда атақ – даңқы елге мәлім абыздар мен халыққа қалтқысыз қызмет еткен асыл азаматтар көп. Ал бұл тұлға туған

топырағында дүниеге келіп, сол жерден Отан алдындағы борышын өтеу мақсатында соғысқа аттанып, жеңіс жолында күш-жігерін арнаған. Осындай тұлғаларды құрметтеп, олардық өнегелі жолын қолдау – әрқайсымыз үшін үлкен мәртебе. Ал оң болсын, мен құптаймын.

Изимбергенов Көбеген –Бүгінгі талқылауға түсіп жатқан «Жиенбаев Мәтібай» көшесі атауын беру ұсынысына қазіргі «Шамшырақ» көшесін екіге бөліп, төменгі сай бойына «Жиенбаев Мәтібай» атауын беріп, жоғарғы бөлігіне басқада ұлы тұлғалардың атын беруді қарастыруды ұсынамын.

Т. Күзенбайұлы – ұсыныстарыңыз өте орынды. Әр көшенің атауы болуы қажет. Осы атаулар халыққа дұрыс насихатталып, сол атаулармен халық арасында аталса нұр үстіне нұр болары анық. Әр атау сол тарихи өтпелі кезеңдердің бір куәсі деп білеміз.

Алдағы уақытта, Сіз айтқан, яғни Шарай, Шамшырақ, Жаңаауыл көшелеріне ұлы тұлғалардың атауын беру бойынша ұсыныстар ескеріледі.

Қызылөзен ауылының тұрғындары Жиенбаев Мәтібай атауын Қызылөзен ауылының «Шамшырақ» көшесін қайта атауға мақұлдансын:

Тұрғындардың ой- пікірлері таңдалып, ұсыныстар ашық дауысқа салынды

Қорытынды:

Қолдаушылар -17

Қарсы – 0

Қалыс қалғандар – 0

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

Осы хаттамадан туындайтын өзге де шаралардың Заңнамада белгіленген тәртіппен орындалуын, соның ішінде ұсынымның облыстық ономастика комиссиясының қарауына жолдануын қамтамасыз етуді бақылау өзімде қалады. Қажетті өзге де шаралар қабылдансын.

Жиналыс төрағасы

Т. Күзенбайұлы

Хатшы

Қ. Қуанбекқызы